

Христиандық діни символика

Мұқан Нұрзат

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің
философия және саясаттану факультеті,

Дінтану және мәдениеттану кафедрасының

аға оқытушысы

Елнұр Әскенұлы

Дінтану мамандығының

3 курс студенті

Діндер мен мәдениеттер жүйесінде діни символикалар, белгілер мен бедерлер өзіндік рөлге ие. Тарихи – мәдени ерекшеліктер, діннің бітім – болмысы, пайда болған орта діни символикалардың қалыптасуына әсерін тигізді. Сырт көзбен қарағанда мәнсіз, қарапайым ғана болып көрінетін символикаларға үңіліп астарына қарасаңыз, талай сырға қанық боларыңыз сөзсіз. Ислам дінінде жарты ай, буддизмде заң шеңбері (дхармачакра), даосимзде инь мен ян т.б. Осы тәрізді мысалдар өте көп. Бүгінгі зерттеу мақаламда христиандық діни символиканың жай – жапсарына тоқталмақпын.

Христиандық символика – түрлі христиандық шіркеулер қолданатын символдар мен кескіндемелердің жиынтығы. Христиандық символдық кескіндемелер алғаш рет римдік катакомбтық(*катакомбтар* - *κατω* — төмен және *κομβος* — қосылу, деген мағынаны білдіреді. Катакомба сөзін қазіргі уақытта жер асты жолдары, лабиринт, Жер үстіндегі ғимараттарға т.б. орындарға қатысты қолданады. Мақалада «катакомба» сөзі христиандықтың жәдігерлері сақталған жер астындағы жерлеу орындарын меңзеп отыр)живописстерде кездеседі. Бір айта кетері катакомбалардағы өнер туындылары Рим империясындағы христиандарды қуғындау кезеңіне сәйкес келеді[1]. Тағы бір атап өтер бір жай бар. Христиандар өздерінің ерте кезеңдегі символикаларында пұтшылдық белгілерін де, грек – римдік мифологияның кейбір сюжеттерін де пайдаланды. Оларға жаңа мағына бере отырып, формаларын да өзгерте білді. Христиандықта пұтшылдық, антикалық символдарды қолданудың бір себебі халықты жаңа дінге тартудың амалы еді. Өйткені ел – жұрт ғасырлар бойы қандарына сіңіп қалған пұтшылдық дәстүрден бірден ажырап кете алмасы өз - өзінен түсінікті нәрсе. Аталған жайды пайымдай білген ежелгі христиан діндарлары пұтқа табыну мен антикалық символикаларды қолданудан қашқақтамады[1]. Ерте кезеңдегі діни символикаларға құпиялық сипаты тән болды. Алғашқы христиандардың діни белгілеріне қарай отырып, олардың христиан екенің анықтау да оңай шаруа емес болатын. Себебі христиандардың символикалық жүйесінің пұтқа табынушылықпен ұқсас етіп бедерленгенін жоғарыда баяндадым. Әрине құпиялық сипат қауіпсіздік үшін де қажет еді. Діни символдар арқылы бір сенімдегілер бір – бірін таныды яки білді. Дегенмен символдар жүйесі христиандықта қалыптасқан құдайтанулық ілімнен де хабар берді. Протопресвитер(*орыс шіркеуі мен кейбір жекелеген шіркеулерде діндарларға берілетін жоғары иерейлік атақ*) Александр Шмеман былай дейді: «Ерте кезеңдегі шіркеу иконаларды дәп

қазіргі кезеңдегі догматикалық мағыналарында түсінбеді. Христиандық өнер бастамасы – катакомбтар живописі – символдық мағынаға ие. Ол құдайлықты суреттеуге бейім емес, құдайлық қызметті бейнелеуге жақын»[2] Ерте кезеңдегі Шіркеудің иконалық жазбалар образынан гөрі, түрлі діни символикаларды қолдануын Л.А.Успенский мына жаймен байланыстырады: «Адамдарды ақыл жетпейтін шіркеулік құпиялармен таныстыруға дайындау үшін, Шіркеу тікелей мағынада емес, оларға қабылдауға жеңіл, түсінікті тілмен қайырылды». Сондай – ақ оның пікірінше символдық образдар шоқындыруға дейінгі жарияланған шіркеулік құпияларды жасыру ретінде де іске жарады[3].

Көне катакомбтық ескеткіштер қатарына Рим катакомбалары арасынан табылған «Сиқыршылар құлшылығы» кескіні жатады. Бұл сюжетті өзек еткен 12- ге жуық фрескалар сақталып қалған. Олар II ғасырдың туындысы деп есептеледі[4]. Катакомбаларда антикалық дәстүрді негіз етіп алған өзге де символдық туындылар бар. Аталған туындыларға жеке – жеке тоқталсақ. Оларға мыналар жатады:

якор – үміт образын білдіреді. (Бұл жерде салыстырмалы теңеу келтіріліп отыр: якор – кемеңнің тіреуі, ал адамның үміті – өз жанының тіреуі). Апостол Павел Еврейлерге Жолдауында аталған образды қолданған. (Евр. 6:18-20);

көгершін – Қасиетті Рухтың белгісі. Иисусты Иоанн Шоқындырушы шоқындырған сәтте, Қасиетті Рухтың көгершін бейнесінде келгені Қасиетті кітаптарда айтылады;

феникс – қайта тірілу символы. (Өз – өзін өртеп, кейін қайта тірілетін мифологиялық құс);

бүркіт – жастықтың белгісі;

тауыс - ажалсыздық символы (ежелгі адамдардың пікірі бойынша тауыстың денесі ыдырауға ұшырамайды. Сол себепті де олар ажалсыздық мәселесіне келгенде тауысты қасиет тұтады);

әтеш – қайта тірілу символы (әтештің шақыруы ұйқыдан оятады, ал ояту христиандардың пікірінше сенушілерге Ақырет сотын және қайта тірілуді еске түсіреді);

құрбандық – Иисус Христостың символы;

арыстан – шексіз күш пен құдіреттілік белгісі;

зәйтүн бұтағы – мәңгілік әлемнің белгісі;

лалагүл – тазалық белгісі (апокрифтік тарихтың ықпалымен тараған әңгімеде Жәбірейіл періштенің Дева Марияға ізгі хабар жеткізуі кезінде оған лала гүлін тапсырғаны туралы айтылады)

жүзім сабағы және нан салынған себет – евхаристия символы.

Христиан дінінің бастапқы кезеңіне, кейінгі кезеңіне тән символдық белгілер бар. Олардың қатарына ихтис (балық белгісі), Мейірімді Пастырь, құрбандық белгісі, хризма т.б. жатады. Ерте кезеңдегі христиандықта ихтис маңызды рөлге ие болатын. Уақыт өте келе крест белгісі негізгі орынға шықты.

Ихтис – И.Христостың есімінің көне акронимі, И.Христос Құтқарушы

Құдай ұлы(Ἰησοῦς Χριστὸς Θεοῦ Ὑιὸς Σωτήρ)сөзінің бастапқы әріптерінен құралған.Христиандық сенімнің ғибадатын қысқаша формада жеткізген символдық ұғым.

Ихтис – И.Христосқа тікелей қатысты бейне. Жаңа Өсиет балық бейнесін Христос шәкірттерінің уағызымен байланыстырады. Құтқарушы Иисустың шәкірттерінің арасында кейбіреулері балықшы еді. Аталған бедер символ бола отырып, мынандай тұщымды ойды бізге жеткізген. Ғасырлар бойы қараңғылықта өмір сүрген пұтқа табынушылар балыққа теңестірілсе, ал оларды тура жолға шақырған христиан уағыздаушылары балықшы ретінде саналды.Символ И.Христостың балық аулау туралы өсиетінен алынған. Иисус өз шәкірттеріне адамдарды балық тәрізді аулауға шақырған. «Балықтарды» көп аулау «балықшылар» үшін міндет әрі парыз саналатын.

Балық түріндегі христиандық кескіндемелер – аллегориялық образда көп салынды. Балық кескіні евхаристік мағынада да суреттелді[1].

Ихтиспен байланысты сюжеттер катакомбтарда аз суреттелмеді:



Ихтис мраморлық стелла, III ғасырдың басы

Мейірімді Пастырь

Мейірімді пастырь – негіздерін Көне Өсиет пен Жаңа Өсиеттен алып пайдаланған суреттеме. Жаңа Өсиеттегі Иисустың ұстаздық рөлін аллегориялық сипаттау түрінде қайталаңады. Мейірімді Пастырьдың алғашқы суреттері II ғасырға жатады. Бұл кезеңнің туындылары қатарына римдік катакомбтардағы суреттер де кіреді. Ерте христиандық теолог Тертуллиан, б.з 210 жылы Мейірімді Пастырь бейнесін шырақтар мен причастияға арналған шыныаяқтардан көргенін айтады. Шын мәнінде Мейірімді Пастырь Иисустың иконасы емес, ол аллегориялық кескіндеме қызметін атқарады. Осы себепке байланысты Мейірімді Пастырь ихтиспен бірге ертехристиандық өнер туындыларының ішіндегі Христостың алғашқы суреті қызметін атқарды. Сондай – ақ пұтқа табынушылық кезеңінің құдайларымен (Гермес Кривофор, Орфей Боуколос) ұқсас болғандықтан, христиандарды қуғындау кезеңінде христиандар үшін қауіпсіз болды. Себебі бұл суреттердің христиандық тақырыптарға арнап салынғанын пұтқа табынушылар білмейтін. Құпия түрде христиандыққа өткен жандардың қауіпсіздігі үшін Мейірімді Пастырь тәрізді пұтқа табынушылық символдарына ұқсас белгілер үлкен көмегін тигізді. Христиандарды қуғындаумен бір мезетте, Мейірімді Пастырь образы таңдаулылардың(құдай жолындағылар, ігі іс жасағандар, мейірімділер) ерекше қамқорлыққа

бөленетінін білдірді. Сонымен қатар келешектегі Құдай Патшалығының прообразын да білдірді[5].



Мейірімді Пастырь Әулие Каллист катакомбтары

Құрбандық

Құрбандық образы – Иисус Христостың символдық суреті. Христиандық тарихынан Иисусты крестке керіп, жазықсыздан жазықсыз өлтіргенін білеміз. Иисус азапты өлімді қабылдау арқылы бүкіл адамзаттың күнәсін мойнына аркалап, құрбан болды. Көне Өсиетте де Иисус болашақ шоқындыру құрбандығын білдіреді (Авеля құрбандығы, Аврамның құрбандығы, еврейлердің құрбандыққа арналған тоқтысы)[6]. Жаңа Өсиетте Иоанн Шоқындырушы Иисус Христосты құрбандық деп атайды – «Міне әлемнің күнәсін өз мойнына алатын - Құдай Құрбаны». Құрбан сондай – ақ евхаристиялық образ болып табылады. Құрбандық кескіндері литургиялық - ғұрыптық ыдыстарда көп кездеседі.



Құдайлық Құрбан, Сан – Витале мозаикасы, Равенна

Хризма

Хризма немесе хримсон – Христос есімінің монограммасы. Христос есімінің гректік алғашқы екі әрпі Х (Хи) мен Р-дан (Ро) құралып, өзара тоғысқан әріптер тізбегі. Монограмма қырларына гректік А әрпі орналасқан. Әріптерді дәл осы ретте қолдану Апокалипсис мәтінінен шыққан деген мәліметтер бар. Хризма эпиграфтарда, саркофаг рельефтерінде, мозаикаларда кеңінен таралған. Хризма белгісі апостолдық уақыттар кезеңіне жатуы мүмкін. Көне римдік әскери жалаудың ерекше түрі лабарум үшін римдіктер хримсонды қолданғаны тарихтан белгілі. Ұлы Константин император Мильвейск көпіріндегі шайқас алдында көк аспаннан крест белгісін көрген соң крестті қолданысқа енгізді. Лабарум жалаусабының аяқ жағында хризма болған. Ал енінің өзінде мынандай жазу болды: «Сим жеңіске жет», «Осымен жеңіске жет (Лат. Нос vince)». Лабарум туралы алғашқы естеліктер Лактанцийда кездеседі.

Крест(Айқыш)

Христиандық символдар жайлы әңгімелей отырып, крест белгісі жайлы айтпай кетуге болмас. Осы орайда крест белгісінің ежелгі тарихына қысқаша тоқталып өтсек. Крест белгісін қолданған алғашқы өркениетті халық ежелгі египеттіктер еді. Египеттік дәстүрде сақинасы бар крест – анх таралған – ды. Бұл белгі өмір мен құдайлар символы. Вавилонның отары болған Ассирия мемлекетінде таралған сақинадан жасалған крест Күн құдайы - Ашшураның атрибуттарының бірі еді. Пұтқа табынушылардың табиғат күштеріне сыйыну процестерінде крест белгісінің қолданғанын Еуропа, Үндістан, Парсы, Египет, Солтүстік және Оңтүстік Америкадан табылған археологиялық қазба деректері дәлелдеуде.

Христиандықтың алғашқы ғасырларында – ақ христиандардың пұтқа табынушылық символикаларымен танысуы әртүрлі түсініктемелерге ие болды. Мәселен Сократ Схоластик *Феодосий* патшаның билігі тұсындағы оқиғаларды былай деп жазады:



«Селапис храмын қирату және тазарту кезінде, ол жерден тастарға бедерленген иероглифтік жазбалар табылды. Олардың арасында крест формасындағы таңбалар да болды. Мұндай таңбаларды көрген христиандар мен пұтқа табынушылар әрқайсысы өз тарапына меншіктеп, талас – тартыс басталды. Христиандардың айтуынша крест - Христостың азапты өлімінің белгісі, ал пұтқа табынушылар кресттік белгілер Христосқа да, Сераписке де ортақ деп санады. Христиандыққа өткен және иероглифтік жазбаларды түсінетін пұтқа табынушылар әлгі кресттік белгілерді түсіндіре отырып, осы белгілермен яғни крестпен болашақ өмірдің айқындалатынын жариялады. Пұтқа табынушылар тарапынан мұндай сөзді күтпеген христиандар крест белгісін өз тараптарына жақындатуды одан әрмен арттырды. Пұтқа табынушылардың алдында көкіректерін мақтаныш сезімі биледі. Сол уақытта өзге де иероглифтік жазбалардан крест белгісі пайда болған сәтте Серапис храмы құрдымға кетеді деген деректер табылды. Крест белгісі – жаңа өмірдің басталғанын білдірді. Ол пайда болған мезетте көптеген пұтқа табынушылар христиандыққа өтті. Күнәларын мойындап, христиандық рәсіммен шоқынды.».

Христиандықтағы крест культінің пайда болуы Иисус Христостың азапты өлімімен байланысты. Понтий Пилаттың үкімімен Иисус крестке керіліп өлтірілді. Крестке керіп өлтіру өлім жазасының Көне Римде кең таралған түрі еді. Римдіктер бұл жазаны қолдануды финикиялық отаршылдардың ұрпағы – карфагендіктерден сіңірген. Әдетте қарақшыларды крестке керетін. Нерон императордың тұсынан бастап, қуғынға ұшыраған алғашқы христиандар да дәл осылай жазаға тартылатын болды. Петр апостол басын төменге қаратып, крестке керілуді қалаған. Себебі Иисус қабылдаған өлімге (яғни дәл Христос тәрізді өлуге) өзін лайықсыз санаған[1].

Ұлы император Константиннің билігіне дейін христиандар крестті бедерлеуден тартынатын[2]. Христиандық кресттің көптеген өзгермелі формалары бар. Ағылшын тіліндегі cross сөзі латындық crux сөзінен («ағаш, дар ағашы немесе ағаштан жасалған өлтіру құралдары») шыққан. Сәйкесінше

«Cruciare»етістігі азаптау, қинау деген мағынаны білдіреді. Крестті құрметтеу византиялық иконалық күрес кезеңінде де тоқтамады. Керісінше храмдарды безендіру символына айналды. Ал Бүкіл әлемдік Жетінші соборы бұл белгіні құрметтеуге арналған даңғыл жолға негіз салды[6].

Крест топтамалары: қысқаша талдау:

	<i>Анх</i> – Көнеегипеттік крест. Өмір символы		<i>Лотарингиялық крест</i> – католиктік шіркеудегі кардиналдың немесе архиепископтың шенін білдіреді. Сонымен қатар Эллада Православие шіркеуінің кресті болып табылады.
	<i>Кельттік крест</i> – шеңбермен әспеттелген теңсәулелі крест.Кельттік христиандыққа тән символ белгісі. Дегенмен пұтшылдық түп – тамырға ие.		<i>Православтық крест</i> – негізінен Орыс православие шіркеуі мен Серб православие шіркеуінде қолданылады.
	<i>Күн кресті</i> – Еуропаның ерте тарихына тән белгі. Әсіресе неолит және қола дәуірі ескерткіштерінде көп кездеседі.		<i>Византиялық крест</i>
	<i>Грек кресті</i>		<i>Армян кресті</i>
	<i>Латын кресті</i>		<i>Андреев кресті</i>
	<i>Әулие Петр кресті</i> деп кері айналдырылған латын крестін атайды. Әулие Петр басын төмен қаратқан күйде крестке керіліп өлтірілген.		<i>Тамплиерлер кресті</i> – I крест жорығы кезінде Қасиетті өлкеде 1119 жылы Гуго де Пейннің басшылығымен құрылған рыцарлық орденнің таңбасы.
	<i>Евангелисттер кресті</i> – 4 Евангелист: Матвей, Марк, Лука, Иоанның символдық түсінігі		<i>Тевтондық крест</i> – XII ғасырда негізі қаланған Тевтондық рыцарлар орденінің таңбасы.
	<i>Архангелдік крест</i> – сенушілердің қорғаны саналатын жоғары болмыс архангелдердің символдық белгісі		<i>Иерусалим кресті</i>

Қорта келсек христиан діні – әлемде ең көп таралған дін, Аврамдық діндер қатарына жататын монотеистік сенім жүйесі. Б.з. I ғасырында пайда болса да әлі күнге зор ықпалын жоғалтқан жоқ. Жер жаһанның түкпір –

түкпірінде христиандық қауымдастықтардың саны жылдан жылға артып келеді. Кез келген дін өзінде ғана тән салт – жоралармен, бітім – болмысымен т.б. жайлармен ерекшеленетіні анық. Сонау ерте кезеңдерден бері келе жатқан христиандық символдар жүйесі кешегі кезеңде де, бүгінде де мән – маңызын жоғалтқан жоқ. Өйткені тұтастай бір діни әлемнің мәдениетінен, эстетикасынан хабар береді. «Христиандық діни символика» тақырыбындағы зерттеу еңбегімде ерте кезеңдегі, кейінгі кезеңдегі діни символикалардың білдіретін мағыналарын, астарын жеткізуге тырыстым. Әрбір символдық белгінің шығу тегі белгілі бір тарихи құбылыспен қатысы барына көзіміз жетті. Христиандықтың ең басты, негізгі белгісі кресттің өзінің де бірнеше түрлері бар екенін зерттеу барысында анықталды (мақаламның соңында крест белгілерінің түрлерін кесте түрінде ұсынды).

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Луковникова Е. «Древнехристианская изобразительная символика» <http://www.pravoslavie.ru/archiv/simvolika/simvol.htm>
2. А.Шмеман, «Исторический путь Православия», Париж, 1989 г., стр. 246. Цит. По: Эволюция священных изображений и знаков
3. Успенский Л.А. «Богословие Православной Церкви» http://nesusvet.narod.ru/ico/books/ouspensky/ouspensky_03.htm
4. Кондаков Н.П. «Иконография Богоматери» http://www.icon-art.info/book_contents.php?book_id=33&chap=27
5. «Словарь по древнерусскому искусству» <http://www.loukin.ru/glossary/logo.htm>
6. Агнец Божий // Православная энциклопедия <http://www.pravenc.ru/text/63318.html>

эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдығына арналған «Қазақстандағы мәдени жаңару мәселесі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағы. – Алматы, 2013 ж. – 254 б. Шыққан мақала